

"ОТЫРАР" МЕМЛЕКЕТТІК АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ" РМҚК

ХАТТАМА №4

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау туралы

№: 04

Күні: 2025 жылғы 26 желтоқсан

Өтетін орны: Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі, әкімшілік мәжіліс залы

Уақыты: 11:00

Қатысушылар

Талқылауға музейдің құрылымдық бөлім басшылары, қызметкерлер, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі уәкілетті тұлға, сондай-ақ шақырылған сарапшылар қатысты. Қатысушылар саны – 23 адам.

Төрағалық етуші:

Шоқай Е.Т – Ғылыми ісі жөніндегі орынбасар

Хатшы:

Әметбекова А.Б – комплаенс-офицері

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы» РМҚК-да 2025 жылдың I жылдығына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелерін қарау.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер

Әметбекова А. баяндама жасады.

Баяндамашы 2025 жылдың 01–22 желтоқсан аралығында қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес кәсіпорын қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілгенін хабарлады.

Ішкі талдау барысында:

- нормативтік құқықтық актілер,
- ішкі құжаттар,

- персоналды басқару,
- мүдделер қақтығысын реттеу,
- мемлекеттік қызмет көрсету,
- рұқсат беру және бақылау функциялары,
- қаржылық-шаруашылық қызмет,
- мемлекеттік сатып алу,
- бюджет қаражатын игеру және бөлу мәселелері қамтылғаны айтылды.

Талдау нәтижесінде кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмағаны атап өтілді.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Комиссия мүшелері жүргізілген ішкі талдау жұмыстарының қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жүргізілгенін, ұсынылған анықтаманың мазмұны толық әрі негізді екенін атап өтті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы» РМҚК-да 2025 жылдың I жылдығына жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері **бекітілсін.**
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмағаны туралы ақпарат **назарға алынсын.**
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыстарды қолданыстағы заңнамаға сәйкес тұрақты түрде жалғастыру **ұсынылсын.**
4. Осы хаттама мен талдамалық анықтама белгіленген тәртіппен жоғары тұрған уәкілетті органға **ұсынылсын.**

Төраға:

Хатшы:




Е.Т.Шоқай

А.Б.Әметбекова